

Татарстан Республикасының (Ресей Федерациясы) Президенті Минтимер Шарипович Шаймиевтің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 27 қазандағы N 322-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Татарстан Республикасы (Ресей Федерациясы) арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 27-28 қазанда Астана қаласында Татарстан Республикасының Президенті Минтимер Шарипович Шаймиевтің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету
м а қ с а т ы н д а :

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Татарстан Республикасы делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Татарстан Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ Татарстан Республикасы Президентінің арнайы ұшағын күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Татарстан Республикасының Президенті арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның

тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Татарстан Республикасының делегациясын қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, Астана қаласының әуежайы мен көшелерінің безендірілуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Татарстан Республикасының Президентін күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің атынан концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 7 қ а з а н д а ғ ы

№ 3 2 2 ө к і м і н е

қосымша

**Татарстан Республикасы (Ресей Федерациясы)
делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету
жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Татарстан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+10) Астана қаласында орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін Татарстан Республикасының Президенті орналасқан жерде орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейбждер, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, орама карталар, қабылдауға шақырулар) әзірлеу.

4. Татарстан Республикасы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар мен кәдесыйлар сатып алу.

5. Татарстан Республикасының делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Татарстан Республикасының Президенті М.Ш.Шаймиевтің құрметіне ресми қабылдауды

ұ й ы м д а с т ы р у .

7. Татарстан Республикасы делегациясының мүшелеріне медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК